

"Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 640 бүйрігіна өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2023 жылғы 26 мамырдағы № 543 бүйрігі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 29 мамырда № 32604 болып тіркелді

БҮЙЫРАМЫН:

1. "Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 640 бүйрігіна (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14624 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 118, 120-1, 120-2 және 120-3-баптарына сәйкес және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасын іске асыру мақсатында

БҮЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бүйрікпен бекітілген Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидаларында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұйымдар қолданылады:

1) аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің және аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттерінің атқарылуы туралы шоғырландырылған қаржылық есептілік – бұл Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің (бұдан әрі – Бюджет кодексі) 120-3-бабына сәйкес бірыңғай ұйымның қаржылық есептілігі ретінде ұсынылған ауданның (облыстық маңызы бар қаланың), аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігі;

2) бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган – бюджетті атқару, бухгалтерлік есепті, бюджеттік есепті және республикалық бюджеттің атқарылуы бойынша бюджеттік есептілікті жүргізу саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орган;

3) бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган - жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, бюджетті атқару, бухгалтерлік есепті, бюджеттік есепті және жергілікті бюджеттің атқарылуы бойынша бюджеттік есептілікті жүргізу саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті уәкілетті органдар (бұдан әрі – бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган);

4) бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шоғырландырылған қаржылық есептілігі – бұл бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің және оған ведомствоның бағынысты мемлекеттік мекемелердің бірыңғай ұйымның қаржылық есептілігі ретінде ұсынған қаржылық есептілігі;

5) ведомство – бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның республикалық бюджетті атқару және жергілікті бюджеттердің атқарылуына қызмет көрсету саласындағы функцияларды жүзеге асыратын ведомствоны;

6) квазимемлекеттік сектор субъектілеріне инвестициялар – бұл мемлекеттік кәсіпорындарға, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге, акционерлік қоғамдарға, оның ішінде құрылтайшысы, қатысушысы немесе акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқаруши холдингтерге, ұлттық холдингтерге, ұлттық компанияларға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес еншілес, тәуелді және олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғаларға салынатын бюджет қаражатының салымдары;

7) облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінің атқарылуы туралы шоғырландырылған қаржылық есептілік – бұл Бюджет кодексінің 120-2-бабына сәйкес бірыңғай ұйымның қаржылық есептілігі ретінде ұсынылған облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінің атқарылуы туралы шоғырландырылған қаржылық есептілік;

8) республикалық бюджетті атқару жөніндегі шоғырландырылған қаржылық есептілік – бұл Бюджет кодексінің 120-1 бабына сәйкес бірыңғай ұйымның қаржылық есептілігі ретінде ұсынылған ведомствоның және республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қаржылық есептілігі;

9) элиминирлеу – бюджеттік бағдарламалар әкімшісі және оның ведомствоның бағынысты мемлекеттік мекемелері арасындағы немесе бір бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне ведомствоның бағынысты мемлекеттік мекемелер арасындағы, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері арасындағы бюджеттік бағдарламалар әкімшісі мен бюджет кірістерінің есебін жүргіzetін уәкілетті орган арасында, өзара операциялар бойынша тең соманы, сондай-ақ жоғары тұрған және төмен тұрған бюджеттерді атқару жөніндегі уәкілетті органдар арасындағы операцияларды алып тастау.

Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау мақсаты мүдделі адамдарды

қаржылық қызметтің нәтижелері мен республикалық және жергілікті бюджеттердің қаржылық жағдайының өзгерістері, қаржылық жағдайы туралы толық және дұрыс ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылады.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Шоғырландырылған қаржылық есептілікті республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері, облыстық бюджетті, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерін, аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетін, аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар нысандардың толық көлемінде электрондық түрде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – АЖ) арқылы ұсынады. Есепті беру күні оны АЖ арқылы беру күні болып есептеледі.

Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мен жергілікті уәкілетті органдар ведомства белгіленген мерзімде ведомствоға жартышылдық және жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсынады. Республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігінің мерзімі есепті жылдан кейінгі жылдың 8 ақпанынан кешіктірілмей, ал жергілікті уәкілетті органдары үшін есепті жылдан кейінгі жылдың 25 ақпанынан кешіктірілмей белгіленеді.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шоғырландырылған қаржылық есептілікті нысандардың толық көлемінде электрондық түрде АЖ арқылы ұсынады.";

12-тармақтың бесінші бөлігіне орыс тілінде өзгерістер енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне бірінші қол қою құқығына осы органның басшысы не оны алмастыратын тұлға, немесе мемлекеттік орган аппаратының басшысы, екінші қол қою құқығына – бас бухгалтер немесе қаржылық есептілікті шоғырландыруды қамтамасыз ететін бөлімшені басқаратын тұлға ие.

Республикалық бюджеттік атқару туралы шоғырландырылған қаржылық есептілікке бірінші қол қою құқығына ведомство басшысы, немесе оны алмастыратын тұлға, екінші қол қою құқығына – ведомствоның қаржылық есептілікті шоғырландыруды қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшениң басшысы немесе оны алмастыратын тұлға ие.

Жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы шоғырландырылған қаржылық есептілікке бірінші қол қою құқығына жергілікті бюджеттік атқару жөніндегі уәкілетті органның басшысы, немесе оны алмастыратын тұлға, екінші қол қою құқығына – қаржылық есептілікті шоғырландыруды қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшениң басшысы немесе оны алмастыратын тұлға ие.

Ақпараттық жүйе арқылы есептілікті ұсынатын республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерін қоспағанда, қаржылық есептілікке есептілікті бірінші және екінші қол қою құқығы туралы бұйрықтың көшірмесі қоса беріледі.

Ұсынылатын шоғырландырылған қаржылық есептіліктің барлық нысандарында мемлекеттік органның басшысы мен бас бухгалтерінің не қаржылық есептілікті шоғырландыруды қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшені басқаратын тұлғаның қолының қасында міндettі түрде қолдың толық жазылуы (тегі мен аты-жөні) көрсетіледі.";

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер болған және өзгерістер енгізу қажет болған кезде бюджетті атқару жөніндегі үекілетті орган АЖ-да қабылдамау себептерін көрсете отырып, тиісті өзгерістер енгізу үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікті қабылдамай қайтарады.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі АЖ арқылы жіберілген ескертулерге сәйкес немесе жазбаша хабарлама негізінде жазбаша хабарламаны алған сэттен немесе АЖ-да қайтарылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өзінің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне өзгерістер енгізеді. Ведомствоның бағынысты мемлекеттік мекеменің қаржылық есептілігі өзгерген кезде бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі тиісті ведомствоның бағынысты мемлекеттік мекемені жазбаша хабардар етеді және өзгерістер мен толықтырулар бойынша ұсыныстарды оның жеке қаржылық есептілігіне 10 (он) жұмыс күні ішінде енгізу үшін қайта жібереді.";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігі "Ашық бюджеттердің интернет-порталында ақпаратты орналастыру және бюджеттік бағдарламалардың жобаларын (бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы есептерді) жария талқылау қағидаларын бекіту туралы" Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 149 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22682 болып тіркелген).";

22-тармақтың үшінші бөлігінің он сегізінші абзацына орыс тілінде өзгерістер енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"32. ШКЕ-3 "Ақша қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп (тікелей әдіс)" нысанының баптары бойынша есепті кезеңдегі қызмет түрлері бойынша ақша қаражатының түсімдері мен шығулары бойынша ақпарат:

Жәбірленушілерге өтемақы қоры бойынша ақша түсімдері мен жүргізілген төлемдер туралы ақпарат;

Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры бойынша ақша түсімдері мен жүргізілген төлемдер туралы ақпарат;

ШҚЕ-5 "Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" нысанының 24-кестесіне сәйкес бюджеттен тыс шоттар бойынша ақша қаражатының қозғалысы туралы ақпарат беріледі.";

42-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"42. "Қаржылық қызмет нәтижелері туралы жылдық шоғырландырылған есеп" ЖШҚЕ-8 нысанының баптарын шоғырландыру ШҚЕ-2 "Қаржылық қызмет нәтижелері туралы шоғырландырылған есеп" нысанының кірістер мен шығыстардың ұқсас баптарын жолма-жол қосу жолымен жүзеге асырылады.

"Ағымдағы қызметті қаржыландыру" (жол коды 011), "Күрделі салымдарды қаржыландыру" (жол коды 012), "Трансфертер бойынша кірістер" (жол коды 014), "Субсидиялар" (жол коды 016) баптары бойынша ағымдағы қызметті қаржыландыру, күрделі салымдар, трансфертер, субсидиялар бойынша қаржыландырудан түскен кірістер сомалары алынып тастауға жатады.

"Қарыздар түсімдерінен түсетін кірістер" бабы (жол коды 013) бойынша сыртқы қарыздар бойынша міндеттемелер қабылдаудан алынатын шығыстар сомасы алынып тастауға жатады.

"Бюджетке трансфертер түсімі" бабы (жол коды 020-3) бойынша бюджетпен есеп айырыулар бойынша есептелген шығыстар сомасына кірістер сомасы (төмен тұрған бюджеттерден өткен жылдардың трансфертерін қайтару жөнінде) алынып тастауға жатады. Аудиторлық органдар жүргізген тексерулер нәтижесінде трансфертердің қайтарымы бюджеттің кірісі болып табылады.

"Айырбас операциялардан алынатын кірістер" бабы (жол коды 021) бойынша тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, оның ішінде мемлекеттік материалдық резервтен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, оның ішінде мемлекеттік материалдық резервтен тауарларды өткізуден, республикалық бюджетten қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітілген қару-жарақтар мен әскери техникаларды, мұлікті және сомалары есепті кезеңде салықтық емес түсімдердің кодтарына республикалық бюджет кірісіне аударылған басқа да активтерді сатудан бюджетпен есеп айырыулар бойынша есептелген шығыстардың сомасына бюджетке салықтық емес түсімдерден түсетін кірістер сомасы алынып тастауға жатады

"Сыйақылар" бабы (жол коды 031) бойынша есепті кезеңде республикалық бюджет кірісіне аударылған кредиттер мен депозиттер жөнінде сыйақылар бойынша бюджетпен есеп айырыулар бойынша есептелген шығыстар сомасына бюджетке салықтық емес түсімдерден кірістер сомасы алынып тастауға жатады.

"Активтерді басқарудан алынатын өзге де кірістер" бабы (жол коды 032) бойынша мемлекеттік меншіктен алынған кірістер (қатысу үлестері, дивидендтер, мемлекеттік

кәсіпорындардың таза кірісі, жалдау ақысы) бойынша бюджетпен есеп айырыулар жөнінде есептелген шығыстар сомасына бюджетке салықтық емес түсімдерден алынатын кірістер және есепті кезеңде республикалық бюджет кірісіне аударылған активтерді басқарудан алынатын өзге кірістердің сомасы алынып тастауға жатады.

"Өзге кірістер" бабы (жол коды 040) бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшілері арасында ұзақ мерзімді активтер мен қорларды өтеусіз алудан түскен кірістер сомасы алынып тастауға жатады. Бұдан басқа, мемлекеттік мекемелердің ұзақ мерзімді активтерімен және қорларымен орталықтандырылған жабдықтаудан түскен кірістер сомасы, республикалық бюджеттің бюджеттік бағдарламалар әкімшілері арасындағы кредиторлық және дебиторлық берешекті өтеусіз қабылданап алу-беру бойынша кірістер сомасы алынып тастауға жатады.

"Өзге операциялық шығыстар" бабы (жол коды 122) бойынша тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өткізуден, қару-жараптар мен әскери техниканы, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік материалдық резервтен тауарларды, республикалық меншіктегі занды тұлғалардың бағалы қағаздарының қатысу үлестерін және басқа да активтерді сатудан бюджетпен есеп айырысу бойынша есептелген шығыстардың, сондай-ақ активтерді басқарудан түсетін кірістер мен сомасы есепті кезеңде республикалық бюджет кірісіне аударуға жататын басқа да кірістер бойынша сома алынып тастауға жатады.

"Өзге шығыстар" бабы (жол коды 150) бойынша қорларды өтеусіз беру бойынша шығыстар сомасы, мемлекеттік мекемелердің ұзақ мерзімді активтерімен және қорлары мен орталықтандырылған жабдықтау бойынша шығыстар сомасы, республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері арасындағы кредиторлық және дебиторлық берешектерді өтеусіз қабылданап алу-беру бойынша шығыстар сомасы алынып тастауға жатады. Бұдан басқа сыртқы қарыздар түсімдерінен алынған кірістер сомасына сыртқы қарыздар бойынша міндеттемелер қабылдаудан болған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган шығыстарының сомасы алынып тастауға жатады.

"Республикалық және жергілікті бюджеттердің ҚБШ бойынша шығыстар" бабы (жол коды 151) бойынша республикалық бюджеттің ҚБШ бойынша шығыстар сомасы мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша ағымдағы қызметті қаржыландырудан, трансфертер мен субсидияларды аудару, мемлекеттік міндеттемелерді орындау үшін алынған күрделі салымдардан есептелген кірістер сомасына алынып тастауға жатады.

"Ұзақ мерзімді активтердің шығуы" бабы (жол коды 220) бойынша республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері арасындағы кредиторлық және дебиторлық берешектерді өтеусіз беру бойынша шығыстар сомасы, мемлекеттік материалдық резервтен тауарларды және республикалық бюджеттен қыржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітілген мұлікті сатудан бюджетпен есеп айырыулар бойынша есептелген шығыстар сомасына қаржылық инвестицияларды және олар

бойынша сома есепті кезеңде республикалық бюджет кірісіне негізгі капиталды сатудан және қаржы инвестицияларын өткізуден түсімдер кодтарына республикалық бюджет кірісіне аударылған басқа активтерді қоспағанда, негізгі капиталды сатудан алынатын кірістер сомасы алынып тастауға жатады.

"Қаржылық қызмет нәтижелері туралы жылдық шоғырландырылған есеп" ЖШКЕ-8 нысаны есепті кезеңдің кірістері, шығыстары және қаржылық нәтижелері туралы ақпаратты білдіреді, 4 "Өткен кезең" бағаны 2020 жылдан бастап осыған ұқсас өткен есепті кезеңдің деректерімен салыстырылып толтырылады және ұсынылады.

"Айырбас емес операциялардан алынатын кірістер" бабы (жол коды 010) бойынша 011, 012, 013 және 014 жолдарының сомасы көрсетіледі.

"Бюджетке түсетін түсімдерден кірістер" бабы (жол коды 011) бойынша бюджетке салықтық, салықтық емес түсімдерден, басқа мемлекеттік басқару деңгейлерінен трансфертер түсімінен (оның ішінде бюджеттік субвенциялар мен алып қоюлар) кірістер, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан трансфертер сомасы көрсетіледі.

"Қайырымдылық көмектен алынатын кірістер" бабы (жол коды 012) бойынша филантропиялық және (немесе) демеушілік және (немесе) меценаттық қызметтен және (немесе) Бюджет кодексіне сәйкес алатын ақшалай түсімдер және басқа да активтер түрінде алынған мемлекеттік мекемелер үшін кіші отанға қолдау көрсету жөніндегі қызметтен түсетін кірістер көрсетіледі.

"Гранттар" бабы (жол коды 013) бойынша транттар түсімдерінен түсетін кірістер көрсетіледі.

"Өзгелер" бабы (жол коды 014) бойынша бюджетке өзге де түсімдер бойынша кірістер сомасы көрсетіледі.

"Айырбас операциялардан алынатын кірістер" бабы (жол коды 020) бойынша тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді, оның ішінде мемлекеттік материалдық резервтен тауарларды өткізуден түскен кірістер көрсетіледі.

"Активтерді басқарудан түскен кірістер" бабы (жол коды 030) бойынша берілген қарыздар, жалға беру бойынша сыйақылардан, дивидендерден алынатын кірістердің, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің таза кірісінің бір бөлігінің және активтерді басқарудан түсетін өзге де кірістердің сомасы көрсетіледі.

"Өзге кірістер" бабы (жол коды 040) бойынша үшінші тараптардан активтерді, өтемақыны (бұрын танылған активтердің құнсыздануынан болған залалдар) өтеусіз алудан түсетін кірістер, жәберленушілерге өтемақы қорына, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына түсетін кірістер мен өзге де операциялардан алынған кірістер көрсетіледі.

"Кірістер, барлығы" бабы (жол коды 100) бойынша 010, 020, 030 және 040 жолдарының сомасы көрсетіледі.

"Шығыстар, оның ішінде:" бабы (жол коды 110) бойынша 111, 112, 113, 114 және 115 жолдарының сомасы көрсетіледі.

"Еңбекақы төлеу" бабы (жол коды 111) бойынша қызметкерлердің еңбекақыларын төлемі, бюджетке тиесілі әлеуметтік салық пен әлеуметтік аударымдар бойынша есептелген шығыстардың сомасы көрсетіледі.

"Стипендиялар" бабы (жол коды 112) бойынша есептелген стипендиялар бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі.

"Қорлар бойынша шығыстар" бабы (жол коды 113) бойынша пайдаланылған және басқа ұйымдарға сатылған қорлардың құны көрсетіледі.

"Активтер амортизациясы" бабы (жол коды 114) бойынша ұзақ мерзімді активтердің амортизациясы бойынша есептелген шығыстардың сомасы көрсетіледі.

"Озге де операциялық шығыстар" бабы (жол коды 115) бойынша өзге операциялық шығыстар сомасы көрсетіледі.

"Бюджеттік төлемдер бойынша шығыстар" бабы (жол коды 120) бойынша 121 және 122 жолдарының сомасы көрсетіледі.

"Зейнетақылар мен жәрдемақылар" бабы (жол коды 121) бойынша зейнетақылар мен жәрдемақылар бойынша есептелген шығыстар сомасы көрсетіледі.

"Субсидиялар, трансферттер" бабы (жол коды 122) бойынша берілген трансферттер мен субсидиялар бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі.

"Активтерді басқару бойынша шығыстар" бабы (жол коды 130) бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша алынған қарыздар, қаржылық жалға беру бойынша және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша есептелген шығыстар сомалары бойынша есептелген сыйақылар шығыстар мен ечептің басқа баптарында көрсетілмеген активтерді басқарудан шығыстар сомасы көрсетіледі.

"Өзге шығыстар" бабы (жол коды 140) бойынша төлеушілермен есеп айырысу бойынша бұрын есептелген кірістерді және өзге шығыстарды түзету кезінде туындаған бюджетке түсетін салықтық және салықтық емес түсімдерді азайту бойынша шығыстар сомасы көрсетіледі.

"Шығыстар, барлығы" бабы (жол коды 200) бойынша 110, 120, 130 және 140 жолдарының сомасы көрсетіледі.

"Өзгелері" 210 жолы (жол коды 230) бойынша әділ құнның өзгеруінен және бағалы қағаздарды орналастырудан қаржы нәтижесі көрсетіледі.

"Ұзақ мерзімді активтердің істен шығуы" бабы (жол коды 210) бойынша активтерді өтеусіз беруден немесе есептен шығарудан қаржылық нәтиже көрсетіледі.

"Бағамдық айырма" бабы (жол коды 220) бойынша есептерде есептілік валютада көрсетілген шетел валютасының бірдей бірлік санын валюталардың әртүрлі айырбас бағамдарын пайдалана отырып көрсету нәтижесінде туындайтын бағамдық айырмасының қаржылық нәтижесі көрсетіледі.

"Есепті кезеңнің қаржы нәтижесі" бабы (жол коды 300) бойынша 100- жол алу 200-жол қосу/алу 210-жол қосу/алу 220-жол қосу/алу 230-жол айырмасының жалпы сомасына қаржы нәтижесі көрсетіледі.

54-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"54. Жергілікті бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган осы Қағидалардың 1, 2, 3, 4, 5 және 6-қосымшаларына сәйкес белгіленген нысандар бойынша облыстар бюджеттерінің, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінің атқарылуы туралы шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті бюджетті жасайды.

Жергілікті бюджетті атқару жөніндегі облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың уәкілетті органдары есепті қаржы жылданан кейінгі жылдың 1 сәуірінен кешіктірмей облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінің атқарылуы туралы шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті әкімдікке, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың уәкілетті органына, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың тиісті органдарына ұсынады.

Облыс, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімдігі жыл сайын облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінің атқарылуы туралы қосымшалары бар есепті қаржы жылдандағы жылдық қаржылық есептілікті:

есепті қаржы жылданан кейінгі жылдың 20 сәуірінен кешіктірмей облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссиясына;

есепті қаржы жылданан кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мәслихатына ұсынады.";

мынадай мазмұндағы 5-1-тараumen толықтырылсын:

"5-1-тарау. Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің және аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті қалыптастыру";

1-параграф. Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің және аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау";

54-1. Аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті аудандық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің шоғырландырылған қаржылық есептілігі, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттерінің қаржылық есептілігі және аудандық бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органның бюджеттік түсімдері бойынша негізінде аудандық бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган жасайды.

54-2. Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның АЖ қалыптастырылады.

54-3. Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган аудан (облыстық

маңызы бар қаланың) бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті қалыптастыру кезінде бюджеттің атқарылуы туралы шоғырландырылған бухгалтерлік баланс баптарының сипаттамаларын және Қағидалардың 41, 42, 43, 44 және 45-тармақтарында көзделген бюджеттің атқарылуы туралы қаржы қызметінің нәтижелері туралы шоғырландырылған есептің, бюджеттің атқарылуы туралы ақша қозғалысы туралы шоғырландырылған есептің (тікелей әдіс) және осы бюджеттің атқарылуы туралы таза активтердің/ капиталдың өзгерістері туралы шоғырландырылған есептің көрсеткіштерін басшылыққа алады.

54-4. Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган "Бюджетті атқару жөніндегі жылдық шоғырландырылған бухгалтерлік баланс" ЖШКЕ-7 нысанының баптарын шоғырландыру ұқсас баптарды жолма-жол қосу арқылы жүзеге асырылады: "Қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар" баптары (жол коды 011) аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде төмен тұрған бюджеттерге берілген бюджеттік кредиттер бойынша дебиторлық берешек сальdosының сомасы алып тастауға жатады;

"Қысқа мерзімді дебиторлық берешек" баптары (жол коды 012) аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы трансферттер бойынша дебиторлық берешек сальdosының сомасы алып тастауға жатады;

"Алынуға тиісті қысқа мерзімді сыйақылар" баптары (жол коды 013) аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің атқарылуы жөніндегі облыстық уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде төмен тұрған бюджеттерге берілген бюджеттік кредиттер бойынша алынуға тиісті сыйақылар бойынша дебиторлық берешек сальdosының сомасы алып тастауға жатады;

"Ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар" баптары (жол коды 110) бюджеттің атқарылуы жөніндегі облыстық уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде төмен тұрған бюджеттерге берілген бюджеттік кредиттердің дебиторлық берешек сальdosының сомасы алып тастауға жатады;

"Қысқа мерзімді кредиторлық берешек" баптары (жол коды 211) аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде төмен тұрған бюджеттерге берілген бюджеттік кредиттер бойынша, есептелген сыйақылар бойынша және толық пайдаланылмаған сомага трансферттер бойынша бюджетке төлемдер бойынша кредиторлық берешек сальdosының сомасы алып тастауға жатады;

"Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек" баптары (жол коды 311) аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде төмен тұрған бюджеттерге берілген бюджеттік кредиттер бойынша бюджетке төлемдер бойынша кредиторлық берешек сальdosының сомасы алып тастауға жатады.

54-5. Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган "Қаржы қызметінің нәтижелері туралы жылдық шоғырландырылған есеп" ЖШКЕ-8 нысанының баптарын шоғырландыру үкесе баптарды жолма-жол қосу арқылы жүзеге асырылады: "Айырбас емес операциялардан алынатын кірістер" баптары (жол коды 010) аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде ағымдағы қызметті қаржыландыру бойынша айырбас емес операциялардан түсетін кірістер, күрделі салымдар, сыртқы қарыздарды қаржыландырудан түсетін кірістер, жергілікті бюджеттің қолма-қол ақшаны бақылау шоты бойынша шығыстар сомасына трансфертер бойынша кірістер сомасы;

жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері есептеген өткен жылдар трансфертерін қайтару бойынша бюджетпен есеп айырысу бойынша шығыстар сомасына бюджетке түскен трансфертерді қайтару бойынша кірістер сомасы; ағымдағы жылы бөлінген пайдаланылған трансфертер сомасына жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке трансфертер түсімдерінің сомасын алып тастауға жатады;

"Айырбас операцияларынан алынатын кірістер" баптары (жол коды 020) аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде бюджетке салықтық емес түсімдерден, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді өткізуден түсетін кірістердің, негізгі капиталды өткізуден түсетін кірістердің, активтерді сатудан бюджетпен есеп айырысу бойынша есептелген шығыстар сомасымен мемлекеттің қаржылық активтерін өткізуден түсетін кірістердің, сондай-ақ активтерді басқарудан алынатын кірістер мен сомалары есепті кезеңде бюджет кірісіне аударуға жататын басқа да кірістер бойынша сомалар алып тастауға жатады;

"Активтерді басқарудан алынатын кірістер" баптары (жол коды 030) аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде төмен тұрған бюджеттерге берілген бюджеттік кредиттер бойынша жоғары тұрған бюджетке түскен төмен тұрған бюджеттің сыйақыларын төлеу жөніндегі шығыстар сомасына сыйақылар бойынша кірістер сомасы алып тастауға жатады;

"Өзге де операциялық шығыстар" баптары (жол коды 115) аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде бюджеттік кредиттер, сыйақылар мен алынған трансфертердің толық пайдаланылмаған сомасына есептелген міндеттеме сомалары бойынша бюджетке төлемдер бойынша шығыстар сомасы;

ағымдағы қызметтерді қаржыландыруға және күрделі салымдарына ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерге қаражат беру кезінде есептелген бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шығыстар сомасы алып тастауға жатады;

"Субсидиялар, трансфертер" баптары (жол коды 122) аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде ағымдағы жылы пайдаланылған жоғары тұрған бюджеттен алынған трансфертер бойынша шығыстардың сомасы алып тастауға жатады;

"Активтерді басқару бойынша шығыстар" баптары (жол коды 130) аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде алынған бюджеттік кредиттер бойынша жоғары тұрған бюджетке сыйақы төлеу бойынша шығыстар сомасы алып тастауға жатады.

54-6. Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік осы Қағидалардың 39-тармағында көзделген республикалық бюджеттің атқарылуы туралы шоғырландырылған қаржылық есептілік көлемінде қалыптастырылады.

54-7. Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазбаны аудандық бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган жасайды. Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба жасау тәртібі осы Қағидалардың 45-тармағына сәйкес республикалық бюджеттің атқарылуы туралы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің түсіндірме жазбасын жасау тәртібіне ұксас.

54-8. Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 20 наурызынан кешіктірмей аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті осы Қағидалардың 1, 2, 3, 4, 5 және 6-қосымшаларына сәйкес белгіленген нысандар бойынша жасайды және мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың тиісті аумақтық органдарына ұсынады.";

56-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"56. Мемлекеттік бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігін жасау активтердің, міндеттемелердің, таза активтердің/капиталдың, кірістер мен шығыстардың, ақшаның түсімдері мен шығыстарының, таза активтердегі/капиталдағы өзгерістердің үқсас баптарын жол бойынша жинақтау жолымен жүзеге асырылады.

Қаржылық есептілікті шоғырландырылған кезде:

бюджеттер деңгейлері арасындағы трансфертер мен бюджеттік кредиттер;

жоғары тұрған және тәмен тұрған бюджеттерді атқару жөніндегі үәкілетті органдар арасындағы операциялар бойынша кірістер мен шығыстардың элиминирленуі;

жоғары тұрған және тәмен тұрған бюджеттерді атқару жөніндегі үәкілетті органдар арасындағы өзара есеп айырысуар бойынша сальдо;

алдындағы есепті кезеңдегі шоғырландырылған деректерін көшіру өзара алынып тасталады.";

көрсетілген Қағидаларға 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10 және 11-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10 және 11-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп, аудит және бағалау әдіснамасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары -
Қаржы министрі

E. Жамаубаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Стратегиялық жоспарлау және

реформалар агенттігінің

Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің
орынбасары -

Каржы министрі
2023 жылғы 26 мамырдағы
№ 543 Бұйрықка
1-қосымша

Бюджеттік бағдарламалар
әкімшілері мен бюджетті атқару
жөніндегі жергілікті уәкілетті
органдардың оғырландырылған
каржылық есептілікті
жасау қағидаларына
1-қосымша
Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

**20__ жылғы "___" __ есепті кезеңге арналған шоғырландырылған бухгалтерлік
баланс**

Индексі: ШКЕ -1 нысаны

Кезеңділігі: жартыжылдық, жылдық

Әкімшілік мәліметтер нысаны интернет-ресурста орналастырылған:

www.mminf.gov.kz

Кім ұсынады:

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері _____

Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган _____

Қайда ұсынылады:

Жергілікті бюджетті атқару жөніндегі тиісті уәкілетті органға/ведомствоға

Ұсыну мерзімі:

республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және бюджетті атқару жөніндегі облыстардың жергілікті уәкілетті органдары үшін ведомство;

жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері үшін жергілікті бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар белгілейді.

Бюджеттің түрі: _____

Өлшем бірлігі: мың теңге

Активтер	Жол коды	Есепті кезеңнің басында	Есепті кезеңнің сонында
1	2	3	4
I. Қысқа мерзімді активтер			
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	010		
Қысқа мерзімді каржылық инвестициялар	011		
Бюджеттік төлемдер бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек	012		

Бюджетпен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек	013		
Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі	014		
Ведомстволық есеп айырыулар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек	015		
Алынуға тиісті қысқа мерзімді сыйақылар	016		
Қызметкерлердің және өзге де есеп беретін тұлғалардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі	017		
Жалдау бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек	018		
Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешек	019		
Қорлар	020		
Берілген қысқа мерзімді аванстар	021		
Өзге қысқа мерзімді активтер	022		
Салықтық және салықтық емес түсімдер бойынша бюджетпен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек	023		
Қысқа мерзімді активтердің жиыны	100		
II. Ұзак мерзімді активтер			
Ұзак мерзімді қаржылық инвестициялар	110		
Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің ұзак мерзімді дебиторлық берешегі	111		
Жалдау бойынша ұзак мерзімді дебиторлық берешек	112		
Өзге ұзак мерзімді дебиторлық берешек	113		
Негізгі құралдар	114		

Аяқталмаған кұрылым және курделі салындар	115		
Инвестициялық жылжымайтын мұлік	116		
Биологиялық активтер	117		
Материалдық емес активтер	118		
Үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын үзак мерзімді қаржылық инвестициялар	119		
Өзге үзак мерзімді активтер	120		
Ұзак мерзімді активтердің жиыны	200		
Баланс			
Міндеттемелер, Таза активтер/капитал	Жол коды	Есепті кезеңнің басында	Есепті кезеңнің сонында
1	2	3	4
III. Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	210		
Бюджеттік төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек	211		
Бюджетке төленетін төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек	212		
Бюджетпен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек	213		
Басқа да міндетті және ерікті төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек	214		
Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек	215		
Ведомстволық есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек	216		
Стипендиянтарға қысқа мерзімді кредиторлық берешек	217		

Кызметкерлер және өзге де есеп беретін тұлғалар алдында қысқа мерзімді кредиторлық берешек	218			
Төленуге тиісті қысқа мерзімді сыйақылар	219			
Жалдау бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек	220			
Өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек	221			
Қысқа мерзімді бағалау және кепілдік міндеттемелер	222			
Өзге қысқа мерзімді міндеттемелері	223			
Бюджетке түсетін салықтық және салықтық емес түсімдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек	224			
Қысқа мерзімді міндеттемелердің жиыны	300			
IV. Ұзак мерзімді міндеттемелер				
Ұзак мерзімді қаржылық міндеттемелер	310			
Жеткізушілерге және мердігерлерге ұзак мерзімді кредиторлық берешек	311			
Жалдау бойынша ұзак мерзімді кредиторлық берешек	312			
Бюджет алдындағы ұзак мерзімді кредиторлық берешек	313			
Ұзак мерзімді бағалау және кепілдік міндеттемелер	314			
Өзге ұзак мерзімді міндеттемелер	315			
Ұзак мерзімді міндеттемелердің жиыны	400			
V. Таза активтер/капитал				
Күрделі салымдарды сыртқы қарыздар мен байланысты гранттар есебінен қаржыландыру	410			

Резервтер	411		
Жинақталған қаржылық нәтиже	412		
Таза активтер/капитал жиыны	500		
Баланс			
Баланстан тыс шоттар			
Жалға алынған активтер	610		
Жауаптылықпен сақтауга қабылданған немесе орталықтандырылған жабдықтау бойынша төленген қорлар	620		
Қатаң есептегі бланктар	630		
